

Төрағалық етуші: Қамбарован М

Қатысқандар: 17 (тізім тіркеледі)

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Мектептегі оқу – тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру

КҮН ТӘРТІБІ

1. а) Педагогикалық кеңес құрамын, хатшысын сайлау. Директор
ә) Мектептің 2021 - 2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізу.
2. «Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында баяндама
3. а) 2021-2022 оқу жылының міндеттері, 2021-2022 оқу жылын ұйымдастырудағы қолданылатын нормативтік құқықтық актілер туралы. ДОДЖО
ә) 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарын бекіту, білім алушыларды қабылдау және ауыстыру туралы, білім алушылардың сабақ режимін тағайындау. ДОДЖО
б) 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жоспарын бекіту; ДОДЖО
в) Сынып жетекшілерін, бірлестік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін тағайындау;
г) Педагог қызметкерлердің оқу жүктемелерін бекіту;
4. 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын, педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту; ДТДЖО

ТЫҢДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: Педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогикалық кеңестің алғы сөзін мектеп директоры М.Қамбарова алды. Биылғы 2021– 2022 оқу жылы бойынша педагогикалық кеңес хатшысын бір ауыздан сайлап алу туралы ұсыныс жасады. Дауысқа сала келе бірауыздан төраға- мектеп директоры; мүшелері: 1) директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, 2) директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 3) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; 5) ата-аналар комитетінің төрайымы. Хатшы бастауыш пәні мұғалімі А.Карилова сайланды. Өткен оқу жылы бойынша жасалған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша мұғалім Б.Тұржанова «Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында баяндамасына тоқталып өтті. Баяндамасында Баяндамасында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, кастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Педагог әрқашан өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға міндетті екенін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары сөз алды: 2021– 2022 оқу жылының міндеттері алға қойылды: 2020-2021 оқу жылында ЖШС «Самұрық-2019» мектебі контингент 1-4 сыныптар аралығында – 226 оқушыны құрайды. 11 класс комплект 2020-2021 оқу жылына қабылданған жаңа міндеттерді таныстырды. Жаңа міндеттер бойынша мектептің педагогикалық ұжым алдына төмендегідей мақсат-міндеттері қойылды:

1. Білім беруде оқытудың мазмұны мен технологиясын жаңарту, педагогикалық ұжымның кестесін оңтайландыру арқылы білім алушылардың оқу жүктемесін төмендету бойынша жүйелі жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру.
2. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту бойынша оқу-тәрбие үдерісін толық автоматтандыру мекеменің барлық құжаттарын электрондық форматта жүргізу.
3. Оқудың барлық деңгейінде білім сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру арқылы жекеленген пәндердің оқыту сапасын бақылауды күшейту.
4. Үлгерімі төмен жіне қабілеті бар оқушылармен жұмысты жандандыру арқылы білім сапасын көтеру жұмыстарын жалғастыру.
5. Үш тілдік білім беруді дамытуды жалғастыру, жаратылыстану-математикалық циклде мұғалімдердің пәндерді жүргізуге және қазақ және ағылшын тілдерінде арнайы курстарды кеңейтуге, сыныптан тыс шаралардың жүргізілуіне жағдай жасай отырып, әдістемелік қолдау көрсету.
6. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Туған жер» ұлттық жобаларының негізінде оқушылардың қазақстандық ұлтжандылығын және мәдени ұстанымын қалыптастыру.
7. Ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтары негізінде мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасты жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.
8. Мектептің оқу-материалдарық базасын нығайту, пәндік оқу кабинеттерді қайта жабдықтау, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу бойынша жұмыстарды жоспарлай отырып, жандандыру.

Сонымен бірге 2020-2021 оқу жылын ұйымдастырудағы қолданылатын нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығы «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығы «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы», Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын таныстырды, талдау жүргізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Келесі пункт бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ташпулатова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі №317 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1-4 кластар үшін 34-қосымша, бойынша мектеп сыныптарына арналған төмендетілген оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары жасалынды. 2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспарымен таныстырылып, талдама жасады. 2020-2021 оқу жылында 1-4 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады. Келесі сұрақ бойынша білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, білім алушылардың сабақ режимі, оқу жүктемесін бекіту туралы айтты. Білім алушыларды қабылдау және мектептен шығаруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» басшылыққа алынып отыр. 2020 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл көрсетілетін қызметті беруші арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім

беру ұйымдары арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады. 2020-2021 оқу жылында мектепке 1 сыныпты қабылдау бойынша енгізілген өзгерістер туралы айтты. Мектепке 1 сыныпқа 72-бала қабылданды.

Сонымен бірге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары «Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарымен (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында әзірлейді/толтырады) таныстырып, бекітуге ұсынды.

Келесі сұрақ бойынша ДООЖО – Г.Ташпулатова мұғалімдердің еңбекақысын есептеу үшін 2021-2022 оқу жылының мектеп мұғалімдерінің келісім шартпен таныстырылды. Сонымен қатар 2021 – 2022 оқу жылына мектеп бойынша класс комплект жасақталды, аталған кластарға класс жетекшілер бекітілді:

- 1 «а» класс жетекшісі – Балғынбекова А
- 1 «ә» класс жетекшісі – Карилова А
- 1 «б» класс жетекшісі – Кенжебаева Д
- 2 «а» класс жетекшісі – Сатеева Г
- 2 «б» класс жетекшісі – Қарабаева Н
- 2 «ә» класс жетекшісі – Асқарова Г
- 3 «а» класс жетекшісі – Бекмұратова А
- 3 «ә» класс жетекшісі – Утарбаева Г
- 4 «а» класс жетекшісі – Тұржанова Ф

Келесі сұрақ бойынша «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген) сәйкес және «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 17.09.2013 ж. № 375 бұйрығына (12.03.2018 ж. өзгертулер мен толықтырулармен) 1-қосымшаның 2-бөлімінің 15-т. негізінде мектептегі сабақтар кестесін бекітуге ұсынды. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі. Сонымен қатар Сабақ кестесін құрастырғанда білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін берілетін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді қарастыру қажеттігі қоса айтылды.

Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жана оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспарын бекітуге ұсынды. 2021-2022 оқу жылында республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысының ерекшелігі – Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру талап етілетінін баса айтты. 2021-2022 оқу жылында Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін орындауда атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы атқарылатын іс-шаралармен таныстырды. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының тұтас кешені белсенді өмірлік стратегиясы бар және патриоттық сезімін жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталуы тиіс деді. Сонымен қатар білім күніне арналған іс-шараларға дайындық деңгейі туралы айтып өтті.

Сонымен бірге педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жоспарын бекітуге ұсынды. Ол өз сөзінде педагогикалық кеңестің білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылатынын айтты. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті

зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы екені айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. 2021-2022 оқу жылының педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.
2. 2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда тиісті нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынып, мектептің оқу жұмыс жоспары және жылдық жұмыс жоспары, тәрбие жұмыс жоспары бекітілсін.
3. 2021-2022 оқу жылы 1-4 сыныптар аралығында – 226, 1-4 сынып аралығында -9 сынып комплект бекітілсін.
4. 2020-2021 оқу жылындағы «Самұрық-2019» ЖШС мектебінің оқу кестесі, сыныптардың сабақ режимі, білім алушылардың оқу жүктемесі және педагог қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен жүктемелері, кабинет меңгерушілері, бірлестік жетекшілері бекітілсін.
5. 2021-2022 оқу жылындағы мектеп алды даярлық сыныбы мен 1-4 сыныптардың оқу жүктемелері ескерілсін.
6. Мектептегі білім алушыларды қабылдау, ауыстыруда Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламалары іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» басшылыққа алынсын.
7. 2021-2022 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын жүргізуде «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру қағидаларындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жұмыстары жалғастырылсын»

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
Л.Кулжанова

Төрағалық етуші: Қамбарова М

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: Жалпыға бірдей міндетті білім беру мен жаңа білім беру мазмұнын қалыптастыру мен дамытудың жүйелілік сипаты

КҮН ТӘРТІБІ

1. I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы. ДОIЖО
2. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі. ДТЖО
3. Әр түрлі мәселелер

ТЫНДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: Педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды. Алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды қорытындылады.

Сөйлегендер:

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – Г.Ташпулатова сөз алды. Ол өз сөзінде I-тоқсанның қорытындысын бойынша білім сапасына тоқталды.

Білім сапасы бойынша 3 кластарында білім сапасы 70%-дан төмен екендігі анықталды. Тоқсандық бағаға шығару кезінде 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №548 бұйрығы басшылыққа алынды. Аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ жұмыс алынды, тоқсандық баға II жарты жылдықта шығарылады. Қалған пәндерден БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынған жоқ. Алынған жұмыстар бойынша тоқсандық баға шығарылды. Электрондық журнал толтырылды. Кластар бойынша есептер жасалды. 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 бұйрығының 19 тармағына байланысты даулы мәселелер туындамағандықтан модерация жұмысы жүргізілмеді. Негізгі пәндер бойынша оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу арқылы білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою жұмыстары жүргізіліп отырды. Білім алушылардың білімдеріндегі ақтандақтарды жою алдын алу бойынша атқарылған пән мұғалімдерінің жеке жұмыстарына тоқталып, талдау жасады. Кластар бойынша төмендегідей сапа көрсетті:

1. 1 «а» сынып: 21
2. 1 «ә» сынып: 20
3. 1 «б» сынып: 17
4. 2 сынып: 79%
5. 3 сынып: 60%
6. 4 сынып: 72%

Келесі мәселе бойынша мектепке жаңадан қабылданған білім алушылардың бейімделуі туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ташпулатова тоқталды. 2021-2022 оқу жылында жалпы 226 білімалушы. 9 класс комплектісі бекітілді. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктеріне орай жұмыстар жүргізілуде. Жаңадан 64 оқушы қабылданды. Жаңадан қабылданғандар арасында бейімделуі барысында жалпы ата-аналар жиналыстары, білім алушылар жиналысы өткізіліп, барлық класс бойынша мектептің ержелерімен таныстырылып, міндеттері туралы нақты айтылды. Күн сайын класс жетекшілер ата-аналармен, білім алушылармен тығыз байланысып, апта сайын мектеп әкімшілігіне бейделу барысындағы тәртіптері туралы баяндап отырды. Мектеп әкімшілігімен, психологпен, ұстаздар, ата-аналар арасындағы тығыз байланыс, жаңадан қабылданған білім алушылардың ортаға төселуіне көп ықпалын тигізді.

Әр түрлі мәселелер бойынша директор сөз қозғады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. І тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылып, оқушылардың білім сапасын көтеру қадағалансын;
2. Мектеп тренерлерінің, педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарын талапқа сай жүргізуі бақылауға алынсын.
3. Бір пәннен «3», «4» ке шыққан білім алушылардың білім сапасын көтеру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
4. Мектепке жаңадан қабылданған білім алушыларының бейімделуі барысындағы жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылып, әрі қарай да ата –ана мен мектеп арасындағы бірлескен жұмыстарды жүргізу нығайтылсын.

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
Л.Кулжанова

Төрағалық етуші: М.Қамбарова

Қатысқандар: (тізім тіркеледі)

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Педагогтың кәсіби біліктілігі – сапалы білім берудің кепілі

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2-тоқсан қорытындысы, білім сапасы, бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары туралы; ДОДЖО
2. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу барысы. ДОДЖО
3. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатындағы іс-шаралардың жүргізілуі ДТЖО
4. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

Сөйлегендер:

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – М.Қамбарова сөз алды. Ол өз сөзінде ІІ тоқсан соңындағы қорытынды бойынша барлығы **203** білім алушы, оның ішінде:

1. 1 «ә» класы:
2. 1 «а» класы:
3. 1 «ә» класы:
4. 2 «б» класы: 24: 11 оқу екпіндісі: 9 оқу озаты; 82 % білім сапасы,
5. 2 «а» класы: 22: 10 оқу екпіндісі: 8 оқу озаты; 78% білім сапасы,
6. 2 «ә» класы: 18: 8 оқу екпіндісі: 5 оқу озаты; 63% білім сапасы,
7. 3 «а» класы: 19: 8 оқу екпіндісі: 6 оқу озаты; 64% білім сапасы,
10. 3 «ә» класы: 15: 7 оқу екпіндісі: 4 оқу озаты 60 % білім сапасы,
11. 4 «а» класы: 25: 10 оқу екпіндісі: 7 оқу озаты; 72 % білім сапасы,

Барлығы: 59 оқу екпіндісі, **39** оқу озаты. ІІ тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы – 70% көрсетті.

Барлық сынып бойынша:

- Оқушылар саны 1-4 сыныптар: 203 оқушы
- Ұлы: 127
- Қызы: 76
- Оқу озаттары 1-сыныптарсыз:
- Ұлы: 28, қызы: 11
- Оқу екпінділері: 54
- Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы: 72 % І тоқсан бойынша білім сапасы 70 пайыз. Яғни 2,0 пайызға өсті.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыруы бойынша келесідей жұмыстардың нәтижесін айтып өтті: - 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне білім келісімі жүргізілді. - Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленді. - Білім олқылықтарының орнын толықтыру үшін қосымша сабақ кестелері құрылып, жұмыстар жүргізілді. - Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі екі мониторинг жүргізілді, соның ішінде 0-4 сыныптар түгел қамтылады.

Екінші мәселе бойынша ДОДЖО- Г.Ташпулатова: күнделік кз электрондық жураналының жүргізілу барысына тоқталып өтілді. Қазіргі таңда журналдың жүргізуі 89,72

уақытылы жүргізілуі -59,38 пайызды құрап тұр. Осы пайызды 100 пайызға жеткізу үшін кейбір мұғалімдерге ескертулер айтылып, уақытылы жүргізілуін талап етілді. 3-тоқсанға сабақ кестесі енгізілді. Әр пән мұғалімдері екінші жарты жылдық бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарды реттеп сабақ кестесіне үйлестіру керектігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Білім алушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатындағы іс-шаралардың жүргізілуі барысында жұмыстарға тоқталып өтті. Құқық бұзушылықтың алдын алуға жүргізілетін жұмыстар және мақсаттары блм алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. Негізгі міндеттері құқық бұзушылықтың алдын алуға жүргізілетін жұмыстардың жүйесін құру, кәметтік жасқа толмаған құқық бұзушылыққа бейім балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында шаралар ұйымдастыру, ата-аналарға бала тәрбиесінде әдістемелік көмек көрсету, кеңестер беру. Осы орайда білім алушылардың бос уақытты тиімді пайдалану, құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатында жоспарға сай жергілікті жасөспірімдер инспекторы Л.Қайсарова мен білім алушылармен «Заң және біз» тақырыбында және ата-аналармен «Ата-ананың құқықтары мен міндеттері» атты жиналыс өткізілді. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жоспар құрылып, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық кеңестер мен түсіндіру жұмыстары жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Ата-аналармен мектеп әкімшілігі арасында тығыз байланыс орнатылған және білім алушылардан сауалнамалар алынып, нәтижелері талданды. Сарыағаш ауданы жергілікті полиция қызметі жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Жол қозғалысының қауіпсіздік апталығы» акциясына арналған жұмыс жоспары жасалып, тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды.

« Абай бол, жаяу жүргінші» жергілікті полиция қызметкерлерімен кездесу өткізіп, оқушылардың көкейіндегі сұрақтарға жауап берді. «Жолда жүру ережесің сақтай білеміз бе?» тақырыбында сауалнама алынып, қорытындыланды. Осы уақыт аралығында құқық бұзушылық бойынша ІІБ тіркеуінде тұрған білім алушылар анықталған жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектеп оқушыларының 2-тоқсан бойынша оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыру бойынша оқушыларды оқыту жұмыстары нығайтылсын.
3. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу жұмыстары жүйелі қадағалансын.
4. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатындағы түсінік жұмыстары күшейтілсін.
5. Мектеп білім алушыларының диагностикалық іс-әрекеті бойынша жүргізілген жұмыстары қанағаттанарлық деп табылып, алдағы уақытта айтылған пікірлер басшылыққа алынсын.

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
Л.Кулжанова

Төрағалық етуші: Қамбарова М

Қатысқандар: 17 (тізім тіркеледі)

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Жалпыға бірдей міндетті білім беруді тиімді жүзеге асыру жолдары

КҮН ТӘРТІБІ

1. III тоқсандағы білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы. ДОІЖО
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар барысы. ДТЖО
3. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Г.Ташпулатова – директор: педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – М.Қамбарова сөз алды. Ол өз сөзінде II тоқсан соңындағы қорытынды бойынша барлығы **203** білім алушы, оның ішінде:

8. 1 «ә» класы:

9. 1 «а» класы:

10. 1 «ә» класы:

11. 2 «б» класы: 24: 12 оқу екпіндісі: 9 оқу озаты; 84 % білім сапасы,

12. 2 «а» класы: 22: 10 оқу екпіндісі: 8 оқу озаты; 78% білім сапасы,

13. 2 «ә» класы: 18: 10 оқу екпіндісі: 5 оқу озаты; 69% білім сапасы,

14. 3 «а» класы: 19: 11 оқу екпіндісі: 6 оқу озаты; 70% білім сапасы,

12. 3 «ә» класы: 15: 8 оқу екпіндісі: 4 оқу озаты 60 % білім сапасы,

13. 4 «а» класы: 25: 10 оқу екпіндісі: 7 оқу озаты; 72 % білім сапасы,

Барлығы: 61 оқу екпіндісі, **39** оқу озаты. II тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы – 74% көрсетті.

Барлық сынып бойынша:

- Оқушылар саны 1-4 сыныптар: 203 оқушы
- Ұлы: 127
- Қызы: 76
- Оқу озаттары 1-сыныптарсыз:
- Ұлы: 28, қызы: 11
- Оқу екпінділері: 54
- Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы: 74 % II тоқсан бойынша білім сапасы 72 пайыз. Яғни 2,0 пайызға өсті.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыруы бойынша келесідей жұмыстардың нәтижесін айтып өтті: - 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне білім келісімі жүргізілді. - Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленді. - Білім олқылықтарының орнын толықтыру үшін қосымша сабақ кестелері құрылып, жұмыстар жүргізілді. - Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі екі мониторинг жүргізілді, соның ішінде 0-4 сыныптар түгел қамтылады.

Төртінші мәселе бойынша ДТЖО сөз алды: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар барысына тоқталды. білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтары арттыру, үлкенге құрмет, кішіге құрмет көрсету мақсатында «Рухани жаңғыру - дәуір талабына сай жаңғыру», «Рухани жаңғыру - әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу», «Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі», «Рухани жаңғыру – ұлттық

сана-сезімнің көкжиегін кеңейту» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтізілді. Мектеп-колледжілік «Рухани-адамгершілік құндылықтар «Мәңгілік Ел» дамуының негізі» апталық ұйымдастырылып, онда Мұстафина Ж. «Қазақстанның мәңгілік жері-Ұлы Дала Елі» тәрбие сағаты, Трумова Б. «Латын әлібиінің ағылғын тілімен ұқсастығы мен айырмашылығы» пікірталас, Б.Жолдасбаева. «Рухани-адамгершілік туралы даналар не дейді?» танымдық сабақ, Г.Жумағалиева. «Спортшылар үшін рухани тәрбиенің маңызы қандай?» пікір талас, Т.Советова. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» пікірлесу, «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» оқушыларға кенес, «Спорттағы жеңіс - үлкен еңбектің жемісі» тақырыбында тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды. Қазір елімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүргізілуде. Осы орайда ата-аналар тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар бар. «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабыммен селфи», «Баламды құшағыма алып кітап оқимын» атты акциялар болып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. III тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-4, сынып білім алушылары үшін 2022 жылғы 26 мамыр-17 маусым аралығында жазғы мектеп жұмысы ұйымдастырылсын.
3. Білім алушылар үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар барысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
Л.Кулжанова

Төрағалық етуші: Қамбарова М

Қатысқандар: 17 (тізім тіркеледі)

Қатыспағандар: 0

Бағыты: Нәтижеге бағдарланған білім мен тәрбие беру мәселелері

КҮН ТӘРТІБІ

1. IV тоқсан, жылдық қорытынды бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы.

ДОЖО

2. 2021-2022 оқу жылының аяқталуына және 2022 жылдың 24 мамырында мақтау қағазына ұсыну туралы; ДОЖО

ДТДЖО

3. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – Г.Ташпулатова сөз алды.

Мектеп бойынша 1-4 сыныпты 206 оқушы IV тоқсанды аяқтады. Тоқсан ішінде келгені – 4 оқушы, кеткені – 5 оқушы. 2-4 сыныптар бойынша оқу үлгерімі мына көрсеткішті көрсетіп отыр. III тоқсанды 134 оқушы аяқтады. «Үздік бағамен» - 50 оқушы аяқтаса, «Оқу екпіндісі» болып – 62 оқушы аяқтады. Жалпы үлгерім – 100%; Сапалы үлгерім – 64,8% - ды көрсетіп отыр: Үлгермеуші жок. Сыныптар бойынша оқу үлгерімі, IV тоқсан білім сапасы:

Сыныбы	Сынып түрі	Оқушы саны	Оқу озаты	Оқу екпін	Үлгермеуші	Сапалы %	Жалпы%
2 «а» сынып	комплект	23	8	11	0	70	100
2 «б» сынып	комплект	23	10	11	0	74	100
2 «ә» сынып	комплект	16	7	9	0	68	100
3 «а» сынып	комплект	20	7	7	0	62	100
3 «ә» сынып	комплект	16	7	7	0	65	100
4 «а» сынып	комплект	20	10	8	0	80	100
Барлығы	206	134	50	62	0	64,8	100

Бір «4»-тік бар оқушылар: (Басқа да бір «4» тік бағасы бар оқушыларды жазасыз) Барлығы – 10 оқушы., II тоқсанмен салыстырғанда 1 «4»-тігі бар оқушыға кеміді.

Бір «3»-тік бар оқушылар: (Басқа да бір «3» тік бағасы бар оқушыларды жазасыз) Барлығы – 3 оқушы. II тоқсанмен салыстырғанда 2 «3»-тігі бар оқушыға кеміді.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ташпулатова: 2021-2022 оқу жылының аяқталуына және 2022 жылдың 24 мамырында өткен №5 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес 2021-2022 оқу жылының оқу бағдарламасын толық аяқтаған, барлық пәндер бойынша жылдық бағалары «5» болған төмендегі 2-4 сыныпты үздікпен аяқтаған келесі білім алушыларды мақтау қағазына ұсынды: 2-сынып: Мейірбек С, Абдуманап Б.Тулеш Д, Нұрмахан А, Еркін Ж, Оразхан Д, Умирзахова А, Жарылқап Ш, Тілектес Е, Абдрахман А, Ақжол С, Батырхан А, Еркінбек Д, Рамазан Т, Жансейіт А, Тулеева Ж, Умирзах И, Парда Ж, Жуманова К. Аширбек А, жарас Е, Қуандық Е, Өмірбек К, Рахматіллә С, Рысбай К, Саттарбек А.

3-сынып: Дархан С, Тулеш Д, Шірінбек А. Сапарғали С, Ербай А, Еркін З, Базарбай І. Турғымбай А, Тұрсынәлі Ж, Суюм Б. Мынжасарова А, Ибрахим А, Аскаров Д, Аскаров Н

4-сынып: Түймебаева Ж, Төлей А, Өмірбек К, Нұрмахан А, Жұмағали Н, Құлажан А, Жақыпбек А, Бексұлтан А, Әшірбек Х, Әшірбек Д.

Соңғы мәселе бойынша 2021-2022 о.ж. аяқтау кешін өткізу мәселелерін талқыланды. Сынып жетекшілеріне жүктеліп қадағалау ДТЖО міндеттелді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:-

1. IV тоқсандағы және жылдық бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы қанағаттанарлық деп танылсын;
2. 2021-2022 оқу жылының оқу бағдарламасын толық аяқтаған, барлық пәндер бойынша жылдық бағалары «5» болған 50-оқушы мақтау қағазына ұсынылсын.
3. «Мектеп бітіру кеші» мерекесінің жоспары құрылып, жауаптылар бекітілсін.

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
А.Карилова

Төрағалық етуші: Қамбарова М
Қатысқандар: 17 (тізім тіркеледі)
Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. Оқу жылын аяқтау, оқушылар сыныптан – сыныпқа көшіру туралы нұсқаулығына сәйкес атқарылған жұмыс қорытындысы. ДОІЖО
2. Әдістемелік қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар есебі. ДҒӘЖО
3. 2021-2022 оқу жылында класс жетекшілердің тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды есебі. ДТІЖО

ТЫҢДАЛДЫ:

М.Қамбарова – директор: педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Г.Ташпулатова:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5- бабының 14) тармақшасына сәйкес, меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына карамастан, орта білім ұйымдарында 2021-2022 оқу жылы 2022 жылғы 25 мамырда аяқталатыны туралы хабарлады.

Сынып оқушыларының тізімдері тіркеледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер- Б.Тұржанова педагог кадрларды аттестациядан өткізу жұмыстары, сапасы жөнінде, оқу жөніндегі әдістемелік қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар есебіне тоқталды: Әдістемелік жұмыс бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында пән мұғалімдері мен оқушылар арасында көптеген жұмыстар жүргізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Мен оқыған кітап», орыс тілі мен әдебиеті «Ашық микрофон», Абай өлеңдерінен орысша жатқа айту, ағылшын тілінен «Музыкалық шығармашылық» өзге тілде ән шырқау, географиядан «Мен білетін ғажайып әлем», Тарих, өлкетану пәндерінен «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедия, биология пәнінен «Бізге көрінбейтін әлем» қолөнер көрмесі, физика және информатикадан «Робот» техникасы фотоколлаж, химия пәнінен «Химиялық ғажайыптар» тәжірибелік жұмыстар көрсету, «Мен кәсіпкермін», өзін өзі тану пәнінен «Адам болам десеңіз», математикадан «Логикалық ойындардан» ойын сабақтары өткізілді. Мұғалімдердің біліктілік арттыру жұмысының перспективалық жоспарына сәйкес 2021 - 2022 оқу жылында пәндік курстарға барып, өз білімдерін көтеріп қайтқан мұғалімдер саны 12. Курс тақырыптары: «Пән бойынша орта білім мазмұнын жаңарту, іс-әрекеттегі зерттеу», «БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын дайындау» тақырыптарында курстан өтті. Мұғалімдердің әр түрлі деңгейдегі байқауларға, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинар-коучингтерге, қашықтық олимпиадаларына, пәндік байқауларға қатысу деңгейі өткен оқу жылымен салыстырғанда жоғары болды, аудан, облыс, республика көлемінде жүлделі ІІ,ІІІ орындаға ие болды. Бірнеше байқаулар онлайн режимінде өтілді. (Биылғы оқу жылы бойынша мұғалімдердің қатысқан жұмыстарын тізіп жазу, түрін, уақытын, деңгейін)

Жас мамандармен жұмыс бойынша биылғы оқу жылында 6 жас маман жұмыс атқарды, оларға тәлімгер тағайындалды. Жыл басында жас мамандармен атқарылатын жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жыл бойында жас мамандармен сұхбат өткізіліп, әдістемелік көмек берілді. Мектеп психологы «Мамандығым - мақтанышым»

тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Сонымен қатар жоспарға сәйкес коучингтер, ашық есік күндері, жас маман апталығы өткізілді. Жыл бойында жоспарланған отырыстар өткізілді. Отырыс барысында жас мамандарға жоспарда көрсетілген тақырыптар аясында баяндамалар оқылды, сабақ беретін сыныптарындағы білім сапасы, өзара сабаққа қатысу барысы талқыланды. Жас мамандар жоспар бойынша тәлімгерлерінің және басқа да мұғалімдердің сабақтарына қатысты. Жыл бойында жас мамандар апталық уақытында ашық сабақ көрсетіп, сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырып өткізді. (өткізілген сабақтар мен апталықтың тақырыбы, өткізген мұғалімдер толық ашылып жазлуы керек) Сондай-ақ, оқу жылы басында дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жыл көлемінде оқушылар түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Атап айтар болсақ, пән олимпиадасы бойынша тарих пәнінен аудан көлемінде ІІІ орынға ие болды, республикалық «Ақ бота», «Жаңа ғасыр таланттары», «Табиғат және адам», «Алтын тобылғы», пән бойынша қашықтық олимпиадаларына көптеп қатыстырылып, жүлделі І,ІІ,ІІІ орындар иеленді.

Мектепте педагог-шебер -1, педагог-зерттеушілер саны -4, педагог-сарапшылар-1, мұғалім. Оқу жылы барысында әр санаттағы мұғалімдермен жұмыс жоспары құрылды. Сәуір айында мектепшілік «Ашық есік» күні өткізілді. 3 «Ә» және 2 «В» сыныптарында қараша және ақпан айларында сабақты зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысы өз нәтижесін берді, сыныптың білім сапасы жоғарылап,білім сапасы 2-3 пайызға көтерілді. Дегенмен алдағы оқу жылында зерттеу жұмысын одан ары жандандыру қажет екені айтылды. Сөз соңында мектептегі әдістемелік жұмысты басқару, жоспарға сай жұмысты ұйымдастыру кезінде төмендегі функциялар орындалды: Әдістемелік бірлестіктер, дарынды оқушылармен жұмыс, жас мамандармен жұмыс жоспары жасалып, бекітілді және жоспарға сәйкес жұмыс атқарды мұғалімдердің пәндік және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру мақсатында курстарға жіберілді, өздік білімін жетілдіруді ұйымдастыру мақсатында теориялық және практикалық әдістемелік бірлестіктердің отырыстары мен тақырыптық коучингтер өткізілді; жаңа нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқау хатпен танысу, жаңа оқу бағдармаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, үйрену ұйымдастырылды; оқытудың жана белсенді әдістерін қолдануды ұйымдастыру коучингтері өткізілді; сыныптарды зерттеу сабақтары өткізілді.

Атқарылған әдістемелік жұмыстардың әлсіз жақтары: Тәжірибені жинақтауға, авторлық бағдарлама жазу жұмысына көңіл бөлмеуі, сайыстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға тек аттестациядан өтуші мұғалімдердің міндеті деп есептеу. 3-4 сынып оқушылары мектепшілік пән олимпиадасына қатыстырылған және жүлделі орындарға ие болған, аудандық кезеңге жіберілген. Алайда аудандық кезеңде жүлделі орын иеленген оқушылар саны күткен нәтижеге сай болмады. Бұл тұста жетекшілерінің оқушыны сапалы дайындамауы, толықтыру жұмыстарына көңіл бөлмегендігінен қатысушы саны көп болғанымен сапаға кері әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар, ортаңғы және жоғарғы буынның пән мұғалімдері ғылыми жұмыс жазуға аса көп көңіл бөлмейтіндігі байқалады. Пән бірлестіктердің жұмысына әдістемелік талдау жасады. 2021-2022 оқу жылы бойынша пән бірлестіктері жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық пәндер бойынша апталықтар, үшкүндіктер өткізді. Айлық жоспарлар бойынша ашық сабақтармен қатар жоспар бойынша семинар,коучингтер, сабақтан тыс іс-шаралар, интеллектуалдық ойындар өткізілді. Өтілген іс-шаралар мектеп сайтында жарияланды. Апталықтың өтілу барысы әдістемелік кенесте қаралды. Қазіргі таңда барлық әдістемелік жұмыстар қорытындысы жинақталып, тігілді. Пән бірлестіктерінің жыл бойғы жұмыстары қанағаттанарлық жағдайда.

Үшінші мәселе бойынша тәрбие жұмыстарының қорытынды есебін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары –баяндады.2021-2022 оқу жылында класс жетекшілердің тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін баяндады. 2021-2022 оқу жылында 9-класс компектісі бойынша класс жетекшілер бекітілді. Тәрбие бағыттары және бос уақытты тиімді пайдалану және атаулы күндерге байланысты бойынша жылдық жоспар жасалды. Қыркүйек айында Білім күніне орай тәрбие сағаттары өткізілгеннен кейін, оқушылармен, студенттермен жақын танысу мақсатында класс, топ жиналыстары өткізілді. Осы айда барлық класс, топ бойынша тәрбиеленушілердің ата-

аналар жиналыстары өткізіліп, отбасылық әлеуметтік жағдайларын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек, қазан айларында білімалушыларды интернатқа, жатақханаға бейіндеу бойынша педагог-психологпен бірлескен жұмыстар жасалып, мектеп оқушыларының ережесіне сәйкес, күн тәртібіне ыңғайластырылды. Тәрбие жоспарының негізгі бағыттарын жүзеге асыру мақсатында қыркүйек айында-отбасылық тәрбие, қазан айында-көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, қараша айында дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру, желтоқсан айында қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, қаңтар айында- рухани-танымдық тәрбие, ақпан айында- құқықтық тәрбие, наурыз айында -ұлттық тәрбие, сәуір айында-еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, мамыр айында-зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу мақсатында апталықтар ұйымдастырылып, тақырыптық шаралар өткізілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде Түркістан облысы білім басқармасының 2022 жылғы 5-мамырдағы бұйрығы негізінде 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
2. 2021-2022 оқу жылының оқу бағдарламасын толық аяқтаған аяқтаған 1-4, сыныптын 206 білім алушыны келесі сыныпқа көшірілсін.
3. Оқу жылы бойынша атқарылған оқу-әдістемелік жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Оқу жылында класс жетекшілердің тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Төраға:
Хатшы:



М.Қамбарова
А.Карилова